

## **Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (жол учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 904 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 18073 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Мыналар:

1) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын I-а санатты "Алматы – Өскемен (Сарқандтың, Аягөздің айналма жолдарымен және Мұқры шатқалының кіреберісімен)" автомобиль жолының "Алматы – Қонаев" 25 + 045 километр (бұдан әрі – км) – 67 + 000 км учаскесі (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)) ақылы негізде пайдаланылады;

2) жүріп өту мынадай баламалы жол арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: "Ресей Федерациясы шекарасы (Екатеринбургқа) – Алматы", Қостанай, Астана, Қарағанды арқылы республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының "Алматы – Құрты" учаскесі, "Қонаев – Құрты" республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы;

3) ақылы жолдың (учаскесінің) бастапқы пункті – 25 +0 45 км, ақылы жолдың (учаскесінің) соңғы пункті – 67 + 000 км;

4) ақылы жолдың (учаскесінің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

5) ақылы жолдың (учаскесінің) техникалық сыныптамасы – I-а санаты, ақылы жолдың (учаскесінің) негізгі параметрлері:

автомобиль жолымен жүріп өту белдеуінің ені – кемінде 3,75 метр;

ақы алу пункттері орындарында автомобиль жолымен жүріп өту белдеуінің ені – кемінде 3,00 метр;

ақы алу пункттері орындарында жүріп өтудің шеткі оң жақ белдеуінің ені – кемінде 6,0 метр және габаритті емес көліктің жүріп өтуіне арналған;

автомобиль жолындағы қозғалыс белдеулерінің саны – екі бағытта 6 белдеу;

б) ақылы жолдың (учаскесінің) ұзақтығы – 41 км 955 метр;

7) ақылы автомобиль жолы арқылы жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады;

8) басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

9) ақылы жолды (учаскені) ақылы негізде пайдалану мерзімі – 20 жыл деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.07.2019 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.12.2022 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

**Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі**

Қиылысулар мен қосылулар мекенжайы км + метр	Көзделген қиылысу мен қосылу бойынша елді мекендердің атауы
Іле ауданы	
28 км + 750	Жанаталап кенті
29 км + 900	Байсерке кенті
35 км + 800	"Байсерке" саяжай секторы
38 км + 800	Әли кенті
42 км + 700	Жаңаарна кенті
46 км + 800	Жетіген кенті
55 км + 800	Заречное кенті
61 км + 600	Арна кенті

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 904 бұйрығына  
2-қосымша

**Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 09.01.2025 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

I-а санатты "Алматы – Өскемен (Сарқандтың, Аягөздің айналма жолдарымен және Мұқры шатқалының кіреберісімен)" жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолының "Алматы – Қонаев" 25 + 045 километр (бұдан әрі-км) – 67 + 000 км учаскесі:

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК)

№ P/c	Аймақтар	Жеңіл автокөліктер	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі – тн) дейін жүк автомобильдері		32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк автомобильдері		
			Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем
1	Жанаталап 25+045 км - 52+300 км ( 27 км 255 метр)	0,0264	0,0229	0,0616	0,0528	0,1214	0,1038

2	Заречное 52 +300 км –67 км (14 км 700 метр)	0,0142	0,0123	0,0332	0,0285	0,0655	0,0560
	Б і р бағыттағы барлық маршрут бойынша жиыны (41 км 955 метр )	0,0406	0,0352	0,0948	0,0813	0,1869	0,1598

### кестеннің жалғасы

32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар		Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк автомобильдері		Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары жүк автокөліктер, оның ішінде тіркемелері бар, ершікті тартқыштар	
Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем
0,1830	0,1548	0,2446	0,2076	0,3062	0,2604
0,0987	0,0835	0,1319	0,1120	0,1651	0,1405
0,2817	0,2384	0,3765	0,3196	0,4713	0,4009

Автокөлік құралының түріне және жүк көтергіштігіне байланысты жергілікті автокөлік үшін абонементтердің келесі түрлері көзделеді:

бір айға (күнтізбелік 30 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға ( бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильдері үшін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк автомобильдері үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк автомобильдері үшін	Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары жүк автокөліктері, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абонементтік төлемнің құны	қарастырылмаған	2 АЕК	4 АЕК	6 АЕК	8 АЕК	10 АЕК

бір жылға (күнтізбелік 365 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға ( бұдан әрі - тн)	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі	Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі	Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары жүк автокөліктері, оның ішінде тіркелгіш
------------	-------------------------	--	---	--	---	--

		дейін жүк автомобильде рі үшін	автомобильде рі үшін	10 тн дейін автопоездар үшін	ж ү к автомобильде рі үшін	және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің кұны	1 АЕК	20 АЕК	40 АЕК	60 АЕК	80 АЕК	100 АЕК

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК - айлық есептік көрсеткіш;

км - километр;

т - тонна.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 904 бұйрығына  
3-қосымша

**Басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі**

Р/с №	Елді мекеннің атауы
Іле ауданы	
1	Заречное кенті
2	"Байсерке" саяжай секторы